

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Тиімді әдіс-тәсілдер- сапалы сабақ кепілі

ЖАРИЯЛАНДЫ
23.11.2017СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/21721/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Калдешова Алфия Болатовна

«Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім»- деп, Ахмет Байтұрсыновайтқандай қазіргі заман талабына сай ұстаз алдына қойылатын талаптар да өзгеше. Сондықтан мұғалім әр уақыт ізденіп, өзінің білімін жетілдіріп, жаңалыққа әуес болуы тиіс. «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір ұстаздың өзі тәрбиелі болу керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Өйткені, қазіргі таңда жаңалыққа ілесу, жаңашыл әдіс — тәсілдерді меңгеріп, пайдалана білу, бүгінгі күннің мұғалімінен үлкен ізденісті, зор талапты, өз білімін жетілдіріп арттыруды қажет етіп отырған игі бастама.

Алғаш білім жетілдіру институтына келген кезде « Не үйренеміз?», « Қалай оқимыз?», « Нені үйретеді?», «Неліктен өзгеру қажет?», – деген сан алуан сұрақтар көкейде толып тұрған. Бірақ бір үн, заман талабына сай сіздің өзгеруіңіз қажет, себебі әлемдегі барлық адамдардың ішінен мұғалімдер ғана үзіліссіз оқудың бағасын түсінеді дегендей болды.

Бағдарламадан біз оқыту мен білім берудің жаңаша әдіс — тәсілдері біріктірілген жеті модульмен таныстық. Бұл модульдер әлемдік деңгейде зерттелген әрі білім сапасын арттырудағы тиімділіктері теориялық түрде дәлелденген екенін түсіндік. Біздер де тәжірибе барысында осы модульдерді тиімді қолдану арқылы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген сұрақтың шешімін табуға мүмкіндігімізше тырыстық.

Себебі, сабақтар топтамасын оқыту үдерісінде Бағдарламаның 7 модулінің әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытқанда ғана олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа білімдерін салыстырғанда немесе

мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерін ұштастырған кезде жүзеге асады деген ойға келдім.

Мектепте оқытуды ұйымдастырудың бірден – бір түрі сабақ болса, сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін, сол сабақты өткізу кезінде әр түрлі әдіс- тәсілдерді қолдану, яғни жаңашыл сабақ болып табылады. Жалпы сабақ бұл- мұғалімнің шығармашылығы, сондықтан да зор нәтижеге қол жеткізу үшін алдымен өзіңнің ізденісіңді, өзіңнің шығармашылығыңды қалыптастыруың керек. Оқудағы жаңа тәсілдердің қай-қайсысы да тиімді шығар, дегенмен мен өз сабақтарымда диалогтік арқылы сыни тұрғысынан ойлау тәсілін көбірек қолдануға тырыстым. Өйткені, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер үшін диалог арқылы сыни тұрғысынан ойлаудың маңызы өте зор. Себебі, бастауыш буында балалар бірден өз ойларын ортаға салып айта алмайды, оларды мұғалім сұрақ қою арқылы үнемі жетелеп отырады. Соған сәйкесінше оқушылардың оқу, жазу дағдыларымен қатар ауызша сөйлеу, өз ойларын еркін, ашық айту дағдыларын дамытуды жүзеге асыру керек екендігін ескеруіміз керек. Диалог арқылы сыни тұрғысынан ойлауда мұғалім сұрақ қою арқылы оқушыларды сындарлы сөйлеуге, зерттеуге ынталандырады; шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды; білімге құштарлығын оятады; сыни тұрғыдан ойлауға, оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді. Диалог бұл оқушының қызығушылығын арттырып және білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын айтқандағы ойларын негізге ала отырып, жаңа сабақты диалогтық әдістің жұптық тәсілі арқылы өткіздім, онда топтағы оқушыларға алдымен тақырыпты өз бетімен айқындап, талдап, зерттеп алатынын, сосын жұбымен талқылап, одан әр топта саралап алатынын ескерттім, сонда сабағымда оқушылар алдымен өздері ойланды және жұбымен, сосын топта талдап, саралады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны оқушылар бірлескен зерттеу барысында да анықтай алды. Диалогтық оқыту барысында қажетті түсіндірулер жүргізіп, нұсқаулар мен түзетулер жасадым. Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, талқылау, дебат, ынтымақтастық, білімді бірлесіп құру арқылы түсінік пен дағдыларын қалыптастырды. Әр берілген тапсырмаға уақыт бөліп отырдым. Бұлай жұмыс істеудің нәтижесі оқушылардың дәлелдері пікір алмасудың нәтижесі болып табылды. Әр сұрағыма толық жауап ала отырып, жаңа сабақтың тақырыбын ашып, оқушылармен бірлесіп сұрақ қою арқылы табыс критерийін құрып алуды да үйрендік.

Сондықтан сабақтарымда тыңдау, түсіну, қолдану, жинақтау, талдау, дәлелдеу, анықтау, сөйлеу, салыстыру, өз пікірлерін білдіру, өзін-өзі, өзара баға беру, ынталандыру тәсілдерін көбірек қолдандым. Мысалы, дүниетану сабағыма қысқаша тоқталып өтетін болсам, жаңаша әдіс- тәсілдердің көп жағымды жақтарын байқадым деп айта аламын.

Сабағымның кіріспе бөлімінде ұйымдастыру сәті оқушылармен амандасу, сыныпты түгендеу, кезекшілік қызметін қадағалау, оқушылардың назарларын сабаққа аудару

кезеңдерімен басталды. Одан кейін оқушыларды 1-4 ке дейін санау арқылы топқа бөліп, сабақтың тақырыбын ашу мақсатында оқушыларды далаға шығарып, өздерін қызықтырған нәрселерді немесе құбылыстарды байқап келіңдер, — дедім.

Алдымен оқушылармен әңгімелесу барысында ешқандай алалауға жол бермеу керек екенін, әсіресе үндемейтін және жеке-дара оқушылардың барлығының да пікірлері ескерілуі, сондай-ақ оқушылардың пікірлерінің шынайы болуы, оқыту мен оқуға байланысты оларға қызықты және маңызды деген сұрақтар қамтылуы тиіс деп, топтың «Алтын ережесін» естеріне салдым. Топтың ережесін салу арқылы оларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке шақырдым. Одан кейін оқушылар асқан қызығушылықпен, ұйымдасқан түрде, топтың шешімімен нені бақылайтынын ақылдасып алды.

Белгіленген уақытта оқушыларды ішке кіргізіп, мынадай сұрақтар беру арқылы ой қозғадым.

- Сендер далаға шығып не істедіңдер?

Олар алдымен өздерін қызықтырған нәрселерді анықтап бақылау жүргізгендерін бірден тапты.

Енді сол бақылағандарыңды «Ойлан, бөліс, жұптас» әдісі арқылы талқылап, бір-біріңмен пікірлесіп, ойларыңды жазыңдар деп әрі қарай жұмыстануға тапсырма бердім. Яғни, бұл жерде оқушылар өздері бақылап жазып келгендерін оқып, топтарымен талқылап, әрі қарай толықтырды, суреттерін салды және өзге топтардың ойларымен оларды қызықтырған құбылыстармен таныс болды. Осыған қарап отырып диалогтік әңгімелесу оқушының сыни тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытатынына, ойларын еркін жеткізе алатындарына және бір-бірін тыңдап, пікір алмаса алатынын сонымен қатар диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуының дәлелі бола алады деп тұжырымдадым.

-Енді біз не істедік?- деген сұрақ қою арқылы олардың сыни ойлау дағдыларына түрткі болдым. Олар алдымен бақылап, одан соң жазып яғни зертханалық жұмыс жүргізгендерін айтты. Зерттеушілік әңгіме барысында оқушылар өз сыныптастарымен пікір алмасып, бір-бірінің идеяларын талқылап баға берді, ұжымда жұмыс істеуді үйренді, бәрі бірге ойланды.

Нәтижесінде, сабақтар топтамасында қолданылған әдіс-тәсілдер алдыңғы сабақтарда жүйелі қолданылғандықтан сабақтар барысында оқушылар өз ойларын айта білді, пәннің өз тілінде сөйлеп, ой тұжырымдарын дәлелдеді, өз беттерімен ереже шығарып, жұптасу, топтасу арқылы білімді өздері игеріп, өз идеяларын қорғай білді.

Мен бұдан мынадай қорытынды шығардым, егер әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап, тиімді

қолданған жағдайда барлық оқушының сыни ойлау дағдыларын дамытып, сөйлетуге болатынына көзім жетті.

Мұғалімнің жаңа тәсілдегі сабақ үрдісі оқушыларды бағыттап, ресурстарды тиімді қолдануды нұсқап отырады. Бұл модуль мұғалімнің сыни тұрғыдан ойлана білу қабілетімен және «Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту» модулімен де тығыз байланысты. Сабақты бұрынғы уақыттарда өзім түсіндірсем, қазіргі сабақтарымда оқушылардың білім алуын диалог түрінде ұйымдастыру үшін оқушыларды топқа бөліп, тапсырмаларды топтық орындауды жүйелі ойластыратын болдым. Алдымен сыныптағы оқушылар өз бетімен оқиды, содан кейін барып жұпта ой бөлісіп, топта талқылайды. Осылай оқудың нәтижесінде оқушылар мәтін мазмұнын толық меңгеріп, топтық әңгіме арқылы білімдерімен алмасып, таным – түсініктерін кеңейтті.

Диалогтік әңгіме кезіндегі сұрақтар оқушылардың жауабын олардың білім деңгейлерін тексеру үшін ғана емес, оларға өз ойларын анық, нақты жеткізуге, дамытуға және кеңейтуге мүмкіндік беретінін байқадым. Өйткені, бұрын оқушылар нақты жауап болмаған соң жауап беруге қиналып, көбіне-көп үндемей отырып қалса, ал қазір әркімнің өз пікірі өзіне құнды деген қағиданы ұстанып, әр түрлі жауап бере отырып сұрақтың нақты жауабын тауып отырдық. Қорыта айтқанда оқушылар қысқа ғана жауап беретін мұғалімнің сұрағымен салыстырғанда, диалогтік сұхбаттасу оқушылардың білім алуына тиімді тәсіл екенін байқадым.

Әрине, азғана уақыттың ішінде үйренген әдіс-тәсілдердің бәрін бірдей жоғары дәрежеде қолдана алдым деп ойламаймын. Оған әртүрлі себептер де болуы мүмкін. Кейбір өзімнің іс-әрекетімде өзім анықтаған кемшіліктерімді алдағы уақытта жою, түзету арқылы әлі де жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады деп есептеймін. Егер біз жақсы нәтижелерге қол жеткізсек, сонда ғана біз білімді де, саналы ұрпақ тәрбиелейміз деп ойлаймын.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.